

Полиметалл рудаларының Шалқия кен орнын одан әрі игеру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 26 желтоқсан N 1858

"Ащысай полиметалл комбинаты", "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты", "Шымкент қорғасын зауыты" акционерлік қоғамдарының қорыту қуаттарын шикізатпен қамтамасыз ету және экологиялық қолайсыз аймақтағы халықты еңбекпен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі мен Қызылорда облысы әкімінің Шалқия руда басқармасының қуаттарын қолдау мен дамыту жөніндегі ұсыныстары қабылданын.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен бірлесіп:

жобалық қуатын жетілдіретін етіп (жылына 3 млн. тонна руда), полиметалл рудаларының Шалқия кен орны мен "Шалқия" руднигін игеруге қаражат бөлу мүмкіндігін көздерін;

үстіміздегі 1995 жылдың соңына дейін "Орталықтандырылған ішкі көздердің есебінен қаржыландырылатын 1995 жылға арналған Қазақстан Республикасының инвестициялық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 сәуірдегі N 508 қаулысына сәйкес, Шалқия руда басқармасының қуаты жылына 500 мың тонна руда, іске қосу кешенінің құрылысына толық көлемінде кредиттер бөлінуін қамтамасыз етсін;

"Шалқия" руднигінің суын төгуді қолдауға жылына 40 млн. теңге есебімен қажетті қаражат бөлінуін қамтамасыз етсін;

"Шалқия" руднигіндегі байыту комбинатының құрылысына инвестициялар тарту үшін конкурс жарияласын;

Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен бірлесіп, полиметалл рудаларының Талапты кен орнында, Қарамұрын алтынды даласында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуді көздерін.

3. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі Шалқия руда басқармасына, кейін "Шұқырүй" және "Қызыл мақташы" кен орындарында бетониттік топырақ өндіретін етіп, барлау үшін жер қойнауын қорғау құқығына лицензиялар әзірлесін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігімен бірлесіп, мүдделі министрліктер мен ведомстволарды қатыстыра отырып:

пайдалануға берілген энергиямен жабдықтау, Шалқия руда басқармасы мен оның

әлеуметтік саласының объектілерін Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің балансына;

байланыс объектілерін "Қазтелеком" акционерлік компаниясының балансына беру үшін жұмыс комиссиясын құрсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК